



Есиркепова А.М.,
Құттыбаева Да.,
Есиркепова М.М.

ҚАЙТАЛАМА РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ БАСҚАРУДЫН ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ТӘЖИРИБЕЛЕРИ

В статье рассматривается зарубежный опыт использования вторичных ресурсов в качестве сырья для производства.

Приводятся объективные предпосылки для их использования в Республике Казахстан.

In article this the theoretical questions of occurrence of secondary resources, and also their expanded classification are resulted. Questions of use of secondary resources in metallurgical manufacture are taken up.

Еуропа одағының мемлекеттерінде, көзіргі кезде жеке кәсіпорындар мен толық салалардың деңгейінде, экономиканың әртүрлі аумағында қалдықтарды басқару жоспарларын дайындау бойынша бірқатар жобалар мен бағдарламалар іске асырылып келеді. Әдетте, осындай жоспарлар экологиялық менеджмент жүйелерінін аумағында дайындалады. Табиғи ресурстар шығындарының төмендеуінін нәтижесіндегі экономикалық тиімділікпен қатар осы жоспарлардың табысты іске асырылуы мемлекеттік деңгейде «ластандыруыш телейді» принципін енгізу болып табылады, яғни қалдықтарды өндіруші олардың тіршілік етуінін барлық аралығында оларға жауапты болады және олардың пайдаға асырылуын төлейді. Осы принцип Германияда пайда болған және қазіргі кезде Еуропада тез тараған тұрмыстық қалдықтарды басқарудың Даулдық жүйесінін негізінде жатыр [1].

Даулдық жүйенін Германияға енгізілуі 1991 жылдан бастап 1998 жылға дейінгі аралықта қаптаманы колдануының 13,4 пайызға төмендеуіне, өндөлген қаптаманың жалпы мөлшерінін 6 есеге жоғарылауына, сондай-ақ шыны қаптамасының 2 есеге, қаңылтыр қаптаманың 13 есеге, алюминий қаптамасының 108 есеге артуына алып келді [2]. Жалпы алғанда, 1997 – 2001 жылдар аралығында ЕО-да қаптама қалдықтарының қайталама өндөліуінін жалпы деңгейі 46 пайыздан 53 пайызға дейін жоғары-лап, ал жерге көмілген қалдықтардың мөлшері 47 пайыздан 40 пайызға дейін төмендеді. Сондықтан Батыс Еуропа мемлекеттеріндегі қағаз өндірісінін қайталама шикізатының үлесі 50 пайыздан бастап Дания мен Францияда, 70 пайызға дейін Германияда, шыны өндірісіндегі үлесі Францияда 55 пайыздан бастап және Швейцарияда 91 пайызға дейін ауытқиды [3]. Құрылым қалдықтарының өндөлуден деңгейі 1990 жылы 25 пайыздан бастап 2005 жылы 90 пайызға дейін Данияда жоғарылады [4].

ЕО мүше мемлекеттердің көбісінде органикалық қалдықтардың полигондарға шығарылуына тыйым салынған. Олардың 50 пайызынан астамы Германияда, Нидерландыда, Бельгияда, Австрияда, Швецияда компостерленеді. Бұл 1994 жылмен салыстырғанда 2005 жылы Швециядагы полигондардың жалпы ауданының 50 пайызға төмендеуінде алып келеді. 2000 жылдың өзінде Нидерланды полигондарда жерге көмілестін қалдықтардың мөлшерін қатты қалдықтардың жалпы мөлшерінін 5 пайызына дейін төмендettі, сонымен қатар ете қауіппі



қалдықтардың белгілі бір түрлерін көмуге тіпті тыбым салады [5]. Қалдықтарды басқарудын болшақтағы жоспарларымен сәйкес келетін қалдықтардың жалпы үлесі Данияда 2008 жылға қарай 7 пайызға дейін, тұрмыстық қалдықтардың мөлшерін ноль пайызға дейін қысқарды [6]. Германияда көмілетін қалдықтардың мөлшерін 2010 жылға қарай нольге алып келетіндегін жоспарлап отыр [7]. Қалдықтармен айналысу саласындағы дамыған мемлекеттердің ішіндегі ен қызықты тәжірибе Жапонияда жасалады. Ол табиғи ресурстар мен жер көлемінін еткір жеткіліксіздік жағдайында қалдықтарды өңдеу мен қайталама қолдану саласындағы көшбасшылардың біріне айналады.

Қалдықтар саласындағы заңды бұзғаны үшін ен қатал жаза 3 жыл түрме мен 25000 (жиырма бес мын) АҚШ доллары мөлшерінде айыппұл болып табылады, алайда компаниялар үшін «экологиялық имидж» әлдеқайда маңыздырақ. Өндірістік қалдықтар қатан түрде бақыланады (жылына 405 тонна). Олардың 40 пайыздан астамы қайталама өңделуге жіберіледі. Барлық кәсіпорындар қалдықтарды өңдеу бойынша өздерінін белгілі өндірістік қуатына ие болады. Қурделі техниканы шығаратын компаниялар тапсырыс берушінін сұрауы бойынша ескі техниканы тегін қабылдап өңдеуге міндетті болады. Нәтижесінде тұрмыс техникасының 60 пайызы және автомобильдердің 100 пайызы арнайы қоқыс орындарына келіп туседі. Мұнда олардан 75 пайызға дейін металл бөлшектер алынып қайта балқытылады. Тамак қалдықтарынан егістіктерді тыңайтуға арналған компаст дайындалып шығарылады. Жапонияда бір күнде бір адамға қоқыстың 1 кг келеді. Олардың 70 пайызы өртеделі. Бұл басқа жаңа мәселені тудырады. Ол аудағы диоксиндер концентрациясының жогарылауы болып табылады (басқа өндірістік мемлекеттерге қарағанда 10 есе көп). 1998 жылы диоксиндер шығарылымдарының нормалы 80 нг/м³ дейін, ал 2002 жылы 10 нг/м³ дейін қысқартылады. Жаңадан тұрғызылып жатқан зауыттар үшін бұл норма 0,1 ден 5 нг/м³ дейін белгіленеді. Осы нормадан асырған жауапты тұғаны 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру немесе 500 000 йен айыппұл күтіп түр. Бұл компаниялардың жаңа технологиялық шешімдерді іздеуін талап етеді. Олардың бірі 800°C астам температурадағы өртеге болып табылады. Диоксиндердің шығарылымын айтартыктай төмendetеді [8].

XX ғасырдың сонында Жапонияда еуропалық заңдарға ұқсас қалдықтармен айналысу ережелерін анықтайдын бірқатар заңдар қабылданды: 1991 жылы «Табиғи ресурстардың тиімді қолданылуын ынталандыру» туралы Заны, 2000 жылы «Ресурстарды қайта қолданатын қоғамға қарай қозғалыс» туралы негізгі Заны, 2001 жылы «Қайтарылған астық ресурстарды қайта қолдануға ынталандыру» туралы Заны. Бұл өндөлетін өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың үлесін 55 пайызға дейін жоғарылатуға мүмкіндік берді [9].

Ен алдымен еуропалық, ал одан кейін халықаралық құқық аумағында заңды түрде нақтыланған қалдықтарды басқару иерархиясы, XXI ғасырдың саласы деп аталатын, қалдықтарды басқарудың жаңа саласының пайда болуы мен белсенді дамуына тұрткі болып қызмет атқарады. 2005 жылға қарай ЕО-та бұл сала 100 млрд. евро айналымына жақындал, 3,5 млн. жұмыс орнымен қамтыйлып отыр [10].

Тұрмыстық қалдықтармен салыстырғанда өнеркәсіптік кәсіпорындардың қалдықтарын басқарудың тәжірибесі әлі де болса кен таралым алған жоқ. Капитал салымдарының 193 пайыздық жылдық өтімділігі кезінде 3,5 млн. доллардан астамын үнемдеуге мүмкіндік беретін қалдықтарды басқарудың жүйесін енгізген DAW Chemical (АҚШ) компаниясының тәжірибесі белгілі [11]. Кейір еуропалық кәсіпорындардың тәжірибесі көрсеткендей, қалдықтармен апatty айналысадан өнеркәсіптік кәсіпорындарда басқарушылық айналысуға өткен кезде, коршаған ортаның ластануы 30-50 пайызға және одан да төмendezі мүмкін [12]. Сонымен қатар материалды және энергетикалық ресурстарды тұтынудың төмendezі және коршаған ортаның ластануына төлемнің төмendezі де қамтамасыз етіледі.

Нарықтық экономика дамуының ұзак мерзімінде КРес-ды пайдалануға деген қатынас негативті сипатта болды. Экономикалық көтерілу кезеңдеріндегі артықшылықтар және дүние жүзілік соғыс жылдарында дамыған елдер бірден қайталама шикізатты тұтынуын көбейтті. Өнеркәсіптік өнімге сұраныстың төмendezінен және өндірістін дамуының баяулауынан барлық қалдықтарды пайдалану мүлдем азайды. Толығымен өткен ғасырдың 60-шы жылдарға дейін экономикалық көтерілу кезеңдерінде КРес-ды пайдаланудың баяу өсіуі байқалды. Экономикалық артта қалған елдерде екінші дүниежүзілік соғысқа дейін және бірінші соғыстан кейінгі он жылдық минералды шикізат қорларына монополияны тәжірибелік толық бақылау жоғары сапалы табиғи шикізат материалдарын колданудан орасан пайданы оларға қамтамасыз етті.

Ғылыми-техникалық революция синтетикалық және басқа жаңа материалдарды жасау, экономикалық өсіудің жылдамдауын және барлық шикізаттардағы соңғы сұраныстағы өнім өндірісі мен бірінші табиғи ресурстар негізіндегі нарықтық шаруашылықтың дамуын жөнілдетіп, шығын үлесінін



төмөндеуін қамтамасыз етті. Соңдықтан XX ғасырдың 60-шы жылдары негізгі индустріалды дамыған елдердің экономикасының кеңеоі, олардың табиғи ресурстарға немісіздіктердің қатынасын айқын көрсетеді. Өнеркәсіптік өндірістің ұлғаюы тасталынатын қалдықтардың тез есуімен және қоршаған ортаның ластануымен қатар жүрді. Пайдалы қазбалы ұсыныстарды жасау барысында жоғары металл құраушы рудаларды тартуга, мұнай өндесуге - өте сапалы мұнай, орман жасаулары - басқа құнды ағаштар түрлеріне ұсыныс берілді.

Дамушы елдердің бай табиғи ресурстарының эксплуатациялануы, соғыстан кейінгі үш онжылдық жинақтаудың жоғары мөлшері монополиясын қамтамасыз етті, яғни қайталама шикізатты пайдалануға бере алмайтын еді. Қалдықтарды толық утилизациялау жолындағы кедергілерге тек олардың өңдеуші техниканың және технологияның баяу жандануы ғана емес, сонымен бірге ҚРес-ды дискриминациялаудың әртүрлі шаралары да жатады. Шамамен соғыстан кейінгі кезеңде бастапқы шикізаттар тарифтік, салықтық, амортизациялық және басқа артықшылықтарға ие еді.

Ірі индустріалды орталықтарда өндірістің өскен концентрациясы және пайдаланылатын дәстүрлі технологиялық процестер экологиялық жағдайдың нашарлауына, әсіресе ірі өнеркәсіпті аудандарда, яғни қоршаған ортаның бұзылуы үлкен масштабқа жетіп және территорияның, су ағыстары мен өнеркәсіпті, колданбалы және рұқсат етілмейтін басқа қалдықтармен ластануымен сипатталады. Өндірістің кезекті дамуында өте жағымсыз экологиялық жағдай күтіледі. Шетелдік мамандардың бағалауы бойынша, егер соңғы 25 жылда СО₂ концентрациясы атмосферада 20 пайызға ұлғайса, онда 2010 жылы ол тағы 25 пайызға өседі. Бұл жағдайда жер шарында қатарында температура 5°C-ка көтеріледі. Мұндай температураның артуында Атлантикада және Солтүстікте мұздың еруі орын алып және әртүрлі континенттерді су алу қаупі орын алуы мүмкін. АҚШ та бұл су алу 11 млн. адам тұрғынды территориясын, өнеркәсіптік және басқа объектілерді, 10 атомды электростанциясымен қоса алуы мүмкін. Ондай мүмкінді есердің жалпы зияны 10 млрд. АҚШ долларына бағаланады. Қоршаған ортаның ластануының есуімен тікелей жоғалулар өседі [13].

АҚШ, Батыс Еуропа және Жапонияның көптеген индустріалды қалаларында қоршаған ортаны деградациялау 70-шы жылдары ауыр зардаптарға экелді. Германияда қоршаған ортаны қорғау саласында, табиғаттың ластануымен күрес және территория мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалдану мәселесі қарастырылған бағдарлама қабылданған болатын. Жапонияда қоршаған ортаның ластануын жоюдың онжылдық бағдарламасы жасалды, яғни өткен он жылмен салыстыру бойынша 3 есе көп қаражат шығындау ұсынылады. Қоршаған ортаны қорғау облысындағы халықаралық серіктесу әзірge 30-жылдық тарихын санайды.

Адам өмір сүретін ортаны сактау міндеті ұлтаралық сипатқа ие болды. Стокгольм конференциясының (1972) шешіміне сәйкес БҰҰ-нда өзіндік орган әлемдік масштабтағы нақты облыста халықаралық серіктестік, құрылған болатын. Бұл орган БҰҰ қоршаған орта бойынша Бағдарламасы- ЮНЕП (United Nations Environment) атауын алды. Оның штабы тұрақты негізде Найроби (Кения) қаласында орналасқан. Осымен байланысты қоршаған ортаны қорғау көп қырлы, кешенді мәселе болып табылады, ЮНЕП қызметін толықтырушы, оның жан-жақты аспектілерімен келесі арнайы ұйымдары айналысады:

- ЮНЕСКО (United Nations Education, Scientific and Cultural Organization) «Адам және биосфера» бағдарламасы бойынша, әлеуметтік-экономикалық даму факторлары мен адам және оның сыртқы ортасы арасындағы тығыз байланысты зерттеу жүргізеді;

- ФАО (Food and Agricultural Organization of the United Nations) өзінің мақсаты ретінде ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және өндіре аудандарда жақсарту, агросфера инвестициясын жүргізу, егіс және су ресурстарын ұтымды пайдалану, құнарлы ету және оны қолдау, жаңа және жанартылатын қуат көздерін менгеру мәселесін қойған;

- ВОЗ (Бұкіл әлемдік денсаулық сактау ұйымы – World Health Organization) экологиялық қауіпсіздікі қолдау, қауіпсіз су, азық-түлік және қалдықтарды жою міндеттерін атқарады;

- ЮНИДО (United Nations Industrial Development Organization) өнеркәсіптік даму және жаңа халықаралық экономикалық тәртіпті орнатуға қатысады;

- МАГАТЕ (International Atomic Energy Agency) радиацияның қауіпсіздік және одан қорғалу нормасын жасап, радиоактивті материалдар мен оның қалдықтарын қауіпсіз түрде тасымалдау жолдарын қарастырады.

Ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі өте маңызды рөлді халықаралық ұйым, Ғаламдық экологиялық кор (The Global Environment Facility) атқарады.



XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында құрылған бұл кор дамушы елдердегі планетарлы сипатқа ие экологиялық мәселелерді шешуге арналған. FЭК қызметінде үш халықарлық құрылым қатысады: БҮҰ даму бойынша бағдарламасы (the United Nations Development Programme), БҮҰ қоршаған орта бойынша бағдарламасы (the United Nations Environmental Programme) және Дүниежүзілік банк (World Bank). Бірінші кезектегі бағыт ретінде қаржыланытураға төртеуі белгіленді: климаттың ғаламдық жылуы, халықаралық судың ластануы, биотурлілігінін азауы және азондық қабаттың жұқаруы. Қоршаған ортаны қорғау бойынша барлық бағдарламаларда экологиялық мәселелерді шешудің ен бір маңызды бағыты қатты қалдықтарды тастауды жою және бұл жердің қоқыс санын азайту және оларды қалпына келтіру, қоғамдық өндірісте шикізат пен материалдарды тиімді пайдалануды және қалдықтарды колдануды көнегіту болып табылады.

Дамыған елдерде бұл іс-шаралар материалдық ресурстарды кешенді пайдалануға бағытталған. Әлемдегі экологиялық саясатты қабылдаған және тұракты даму барысына бағытты бірінші алған ел – Нидерланды болып табылады. Қоршаған орта облысындағы Бірінші Ұлттық жоспар саясаты (National Environmental Policy Plan, NEEP₁), алты қағидаларға негізделіп жарияланды және іске асырылды. Жоспарда қоршаған ортаның кешенділік мәселелері және оның байланыстылығы, қысқа, сондай-ақ ұзақ мерзімді келешекте белсенді мемлекеттік саясатты жүргізу қажеттілігі қаралды. Қөп назар табиғатты қорғау қатынастарында қолдануға тиісті «ластаушы төлейді» қағидасын, сондай-ақ экономикалық инструменттерді (салық, субсидиялар) жүзеге асыруға аударылды. Біріншіден қоршаған ортаны қорғау жұмысбастылық, бюджет тепе-тендігі және т.б. мәселелерімен қатар макроэкономикалық саясаттың басты міндеттері болып қаралды. Ағымдағы міндеттемелерін жыл сайынғы түзетумен жоспар төрт жылға есептелеңген болатын.

Қазіргі уақытта АҚШ және Батыс Еуропа елдерінде бар табиғатты қорғау заңды актілері «өте төзімді технология», ал 2012-шы жылдары «жақсы жетілген технологияны», яғни экологиялық таза технологиялық процесті ен азды өндіріс қалдығын қолдануды талап етеді. Нәтижесінде дамыған елдерде қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз етуші, қалдықтарды жіктеу және қайта өндеу, жана өнеркәсіпті бұйымдарды шығару және шикізат материалдары мен электрлік қуат қолданудағы өте озық техникаларды енгізу, аз қалдықты және қалдықсыз технология интенсивті ізденістер мен жұмыстар басталды. Жаңа даму бағыттары қоғамдық өндірістің барлық салаларына өсерін тигізуде, шикізатты өндіруден оны қайта өндеу, соңғы сұраныстағы өнімді шығарумен аяқталады.

Өндірістендердің өзгерген шарты жаңа техникалық шешімдерді қабылдауды талап етеді, көптеген озық технологиялық процестер жеткілікті жаңармаған, оларды қайта өндеу процесінде тек қоршаған ортаның ластануы емес, материалдардың жоғалуына әкеледі. Бірақ дамыған елдер өндірісінде бұл процестер технологиялық өзгерістер және қоршаған ортаны қорғау бірқалыпты емес, жалпы тиімді технология мен жабдықты жасау және енгізу, шикізат пен материалдарды және бағалы қалдықтарды тұтынуды ұлғайту тенденциясы байқалады. Дамушы елдердің мұнайға экспорт бағасының көтерілуімен сәйкес темір және басқада шикізат материалдарының бағасының өсуі байқалды. Осының нәтижесінен негізгі дамыған елдер сыртқы арзан шикізат көздерінен айрылды. Шикізат бағасының көтерілуі тек саяси және әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты еді. Минералдарга сұраныстың жоғарылауы сондай-ақ шикізат көздерінің капиталсініріш жұмыстары оған кабілеттендірді. Көптеген кедей рудалық орындар игерілді, ағыстық аймақтар мен теніз жағалауы және теңіздердегі минералды шикізаттарды өндеу жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта мұнай және басқа бір қатар шикізат материалдарды теніз түбінде ондаған, ал кейде жүздеген асық метрде өндеу жүргізілуде. Нәтижесінде әртүрлі қазбалы минералдардың шығындар көлемі жоғарылады. Шикізат материалдар жағдайы оданда қынданай түсті және сонымен, экономикалық өсідін шапшандауы негізгі дамыған елдердің импортқа тәуелділігін арттырыды. Соңғы 15 жылда бұл елдердің шикізатқа деген қажеттіліктері 2-6 есе өсті, ал меншіктік шикізат базасы баяу дамыды.

Қалдықтарды регенерациялауды көнегіту технология мен оларды қайта өндеу облысында прогресске жетуге қабілеттеннеді. Бұлардың барлығы, қайталаамалы ресурстарды пайдалану жұмыстарына, сондай-ақ үкіметтік және жергілікті органдар, өнеркәсіптік ассоциациялар және әртүрлі компаниялар қосылуына алып келді. Өндірістік күшті дамытудың бұл бағыты ен маңызды болды және ол үлкен артықшылыққа ие. Қайталаамалы ресурстармен қамтамасыз етілуді арттыру өндірісті дамытудың маңызды бағытына, шикізат ресурстары облысындағы экономикалық саясаттың маңызды элементіне айналды. Барлық дамыған елдерде көптеген қайталаамалы шикізат ресурстары бар. Соңғы жылдары бұл



елдерде қоғамдық өндірістін өсуінен өндірістін өртүрлі өнімдерінің және тұтыну қалдық саны өте тез үлғауда.

Бағыттық бағалау бойынша, АҚШ-та жыл сайын шамамен 4,5 млрд. т қатты қалдықтар, Еуропалық экономикалық бірлестікегі елдерде (ЕЭБ)- 2,0 млрд.т және Жапонияда-1,3 млрд.т. көп пайда болады. Олардың негізгі бөлігін тау кен өндеуші кәсіпорындар мен ауылшаруашылық қалдықтары құрайды. АҚШ өнеркәсіп қалдықтары 1 млрд.т. жоғары, Жапонияда- 260 млн.т. және Еуропалық экономикалық бірлестікегі елдер 400 млн.т. жоғары бағаланады. Қалалық қатты қалдықтар бұл елдерде көп мөлшерге жетті: олар сәйкес 200, 40 және 100 млн.т шамасын құрайды [14].

Тұрып қалған суларды тазалаудың дәстүрлі әдістерден бөлек жана өте тиімді тәсілдері кеңінен қолданылада, сонын ішінде химиялық және биологиялық. Қын жойылатын органикалық заттар, азоттық біріккендер мен фасфаттарды білу жолдарында әк, темір мен алюминий тұздары қолданылады. Қалалық тұрып қалған суды дезинфекциялаудағы жоғары электрқуатты электронды ағымы зиянды вирустар мен бактерияларды және токсинді компоненттерді толық құртуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аэрациялық қондырғылардың қуаттарын қосу олардың еткізу қабілеттілігін екі есе арттырады және капитал салымын үнемдейді. Сондай-ақ органикалық емес және органикалық коагулянттарды аралас пайдалану, яғни ол тазалаушы ғимараттың ауданын маңызды түрде азайтуға мүмкіндік беретін тұрып қалған суды құрылыш үсті тазалау технологиясы жасалған. Ұлғалды вакуумды кептіру бұл операция мерзімін 3-4 есе қысқартады. Бірқатар дамыған негізгі елдерде қалдық газдардарды тазалау және алынған қалдықтарды өндірісте пайдалану облысында белсенді жұмыстар жүргізуде және атмосфераны ластаудағы қауіпін әлсіздендіру үшін, қаланың көптеген өнеркәсіпшілерінің тұракты серігі болған, зияндықтардан құтылу үшін, АҚШ 2000 жылы 86 млрд. доллар шамасында шығын жасады.

Бұл облыста, жылу электрстанциялары (ЖЭС), металлургиялық және химиялық кәсіпорындардағы қалдықты газдарды тазалауға көп назар аударылада. ЖЭС, басқа зауыттардағы секілді, көмірде жұмыс жасаушы, ауаalyқ тастандыларды тазалау үшін механикалық коллекторлар, электроқалдықтық прецизионаторлар, скрубберлер және маталы фильтрлер пайдаланылады. Екі есе қышқылды түссіздерді жою тұтінді өндеу немесе реагентті ерітінділермен абсорбция, адсорбция және химиялық өндеу – әк тас, сода, магния оксиді, нәтижесінде құқырт немесе құқырт қышқылы алынады. АҚШ-та екі есе қышқылды қышқылға айналдыруға мүмкіндік беретін газ тұтіндерін химиялық десульфурациялау бойынша жана процесс жасалған. Қышқыл қалдығын атмосфераға тастауды төмендетудін ен тиімді тәсілі көмірді және мұнай жанар майын арнағы ірі зауыттар қондырғыларында десульфурациялау болып саналады. Мұнай үшін- бұл тіке немесе жанама гидросульфурациялау немесе каталитикалық крекинг. Сонымен қатар құқырт құрамы 0,3 пайызға және одан да аз мөлшерге төмендейді.

Қалдықтарды қайта өндеуде озық технологиялық процестер мен жабдықтарды қебірек қолдану алынып отыр. Сондай-ақ, АҚШ-та металл сыйыктарын өндеу және оны ерітуге дайындауда шамамен 1200 пресс, 1000 гильотинді қайшылар және 220 шрейдерлер пайдаланылады. Германияда металл сыйыктарын қайта өндеу үшін 40-тан көп ірі престер, 154 қуатты қайшылар және 24 шредер, Англияда 30-дан астам шредерлер, Францияда- 14 шредерлер пайдаланылады. Айна 3 мың т. металл сыйыктарын өндейтін гильотинді қайшылар және өнімділігі айна 7 мың т. металл сыйыктарын қайта өндеуге қабілетті шрейдерлер алынды. Өте қуатты қондырғыларды пайдалану металлдық қалдықтарды қайта өндеу тиімділігін маңызды арттырады. Қазіргі шредерлер бір ауысымда 500 автомашинаға дейін қайта өндеуге қабілетті, оларды өлшемдері 30 см-ден аспайтын қықымға айналдыра алады. Сағаттық өнімділігі 60 т қуатты пакеттеші пресстер 4,5 т/м³ тығыздықта пакеттер дайындауды. Өнімділігі жоғары қондырғыларды қолдану көптеген елдерде ескі автомобильді және басқа ірі металл сыйыктарын сұрыптауға және ҚРес сапасын арттыруға мүмкіндік туғызар еді. Финляндияда, арнаулы престі сатып алу кезінде, қоқыс өндейтін зауыттың бар екендігін куәланыратын құжаттар бар болған жағдайда, мемлекеттік банк 15 жылға пайызыз несие береді.

Қытай ғалымдары бактериялардың кейір түрлерінің тұрмыстық қоқысты өсімдіктерге пайдалы болып келетін органикалық тыңайтқыштарға түрлендіруге қабілетті болатында технология бойынша ноу-хау дайындауда. Ресейде қатты қалдықтарды өндеудін тиімділігін жоғарылату туралы инновациялық жобаларды іске асыруға тендер өткізіліп отыр. Технологиялық процестер арасында ірі металл сыйыктарын (автомашина, жабдықтар және т.б.) сұйық азотты пайдалана отырып төмендетілген температурада өндеудін зор келешегі бар. Бұл кезде қатты қалдықтарды білу, ауаalyқ және сулы сепарациялау әдісімен магнитті және роторлы қондырғыларда жүргізіледі. Мұндай экологиялық таза



процесс нәтижесінде майда ұнтақталған материалдар алынады және қара мен түсті металдарды толық бөлуге жетеді.

Түсті және қара металдарды бөлек бөлудің басқада процестері жаңартылған, ол үшін радиоэлектронды өнімдерден тарту үшін электронды әдістер, гидрометаллургия (ерітінділерді және басқада жарамды қалдықтарды қайта өндеу), терминалық тәсілдер колданылады.

Қалдықтарды регенерациялау мәселесі көбінесе басқа да маңызды бағыттармен тығыз байланыста табиғи ресурстарды экономикалық және технологиялық пайдалану және материалдар сапасын көтеру, өнеркәсіп бүйімдарының қызмет ету мерзімін ұлғайту, шикізатты кешенді пайдалану, прецизионды жартылай фабрикаттарды жасау, материалдардың сыйымды шығарылымы және электр қуаты кем жұмсалатын өнім түрлерін ұлғайту, өндеудін прогрессивті тәсілдерін және сұраныстағы өнімді дайындау, машина, қондырығы мен ғимарат және басқа көптеген шараптар құнын төмендету, шаруашылықтың әртүрлі салаларында қалдықтарды қыскарту бағыттарында жүргізіледі [15]. Осындай жолдармен дамыған елдер қарқынды экономикалық және бәсекелестік жағдайында жарысып, әлемдік нарықта өте ұтымды жолдарын табуға, шикізат, жанаң май және материалдарды, шикізат жұмсауда аз мөлшер шығындарымен үнемдеуге көшүде. Қайталама шикізаттың негізгі тұтынушысы - өнеркәсіп болып табылады.

Негізгі дамыған елдерде жіктеу және металл сыйықтарын қайта өндеу, жинақтау жүйесінің салалануы жүруде. Оны негізінен, металл қалдықтарын қайта өндейтін көптеген кіші фирмалармен катар, кейбір ірі компаниялардан тұрады. АҚШ-та, мысалы, 1400 фирма бар, шамамен 95 пайыз металл сыйықтарды өндіру олардың үлесіне тиеді, Францияда бұл салада 1000 кәсіпорын, Германияда - 600 кәсіпорын жұмыс жасайды. Металдарды қалдықтардан бөлу үшін механикалық, химиялық, электрохимиялық әдістер, салқынмен өндеу, электромагниттік сепарация, бөлінген ерітінді және басқа қайта өндеу тәсілдері қолданылады. Процестерді жетілдіру және қолданылатын техника саласында қолданылатын металл сыйықтарының ассортименттері кеңейтілді. АҚШ және басқа елдерде металлургиялық өндірістегі қалдықтарды – темір шаңын, олардың құймаларын және басқаларды қайта өндеуге көп мән беріліп келеді. Ен соңғыларынан, құрамында 56 пайызға дейін темір бар құймалар әзірлейді. Қара металл сыйықтарын пайдалану үлкен экономикалық тиімділік береді, темір рудаларын табу мен кен байытуға және болат өндірісіне капиталын салымын үнемдеуге, металл өндірісіндегі материалдық және еңбек шығындарын төмендетіп және шикізаттың импорт құнын қыскартуға мүмкіндік береді. Қара металл сыйықтарын тұтыну кезінде, мысалы, АҚШ болат өндірісіндегі рудалардан энергияны үнемдеуді 74 пайыз, суды тұтынуды 40 пайызға азайтты, ал қоршаған ортаның ластануын 86 пайызға азайтты [16].

Түсті металдардың сыйықтары да ен құнды қайталамалы ресурс болып табылады. Төрт өте маңызды қайталама түсті металдарын тұтыну (мыс, алюминий, қорғасын, мырыш) дамыған елдерде 1980 жылмен салыстырғанда шамамен 2,3 есеге, сонын ішінде түсті металдардың кейбір түрлері бойынша – 1,7-4,4 есе өсті. Ол ен карқынды түрде Жапония мен Италияда ұлғайды (тиісінше 4,1 және 32,65 есе), ал Англияда сол деңгейде сакталып қалды. Қайталама түсті металдар өндіріс саласында АҚШ 1996 жылы шашамен 580 кәсіпорындарды жұмысқа кости, олардың шығаратын өнімдерінін құны 5 млрд. доллардан асып, жұмыс істейтіндер саны 27 мын адамға жетті. Олардан басқа, металл сыйықтарының көптеген түрі бастапқы түсті металл өндірістегі зауыттарда, құйма және басқа зауыттарда қайта өнделді. Түсті металдардың қалдықтарын қайта өндеу жылына бірнеше он мынға дейінгі куаттағы үлкен емес кәсіпорындарда жүргізіледі. АҚШ тек алюминий өнеркәсібінде салыстырмалы түрде 225 мын т. жыльына болатын зауыты жұмыс істейді. Қайталама түсті металл ресурстары арасында ен маңыздысы мыс болып табылды. Оның тұтынылуын 1990 жылмен салыстырғанда 1,7 есеге дейін, сонын ішінде Германия -1,5 есе, АҚШ -1,6, Жапония -2,4 есе, Италия – 2,6, еселе ұлғайды, ал Англияда 29 пайыздан артық төмендеді. АҚШ-та шамамен 20 пайыз мыс металл сыйықтары және оның қорытпасы бірінші рафинирленген металл өндірісіндегі зауыттарда, 60 пайыз жоғары жез өндіретін зауыттарда, ал қалған бөлігі құйма зауыттарында қайта өнделеді[17]. 2010 жылы барлық металл сыйықтарының мөлшерімен салыстырғанда металдарын амортизациялық сыйықтары шамамен 38 пайызды құрады.

Қайталама ресурстарды өндірісте пайдаланудын шетел тәжірибесін зерттеу незінде көп мемлекеттер оларды пайдалану дәрежесін жоғары деңгейге жеткізбегендін және қолдану мүмкіндіктері инновациялық даму, жана технологияларға, сонымен қатар адамдардың сана-сезіміне байланысты екені және бұл процестер бір-біріне жоғары деңгейде өзара бағынышты екені анықталды. Қалдықтарды қайталама ресурстар ретінде пайдалану қажеттілігі сөзсіз және шетел тәжірибелерін пайдалана отырып



мүмкіндігі бары анықталды. Шет тәжірибесін ескере отырып, инновациялық енгізулерді қамтитын басқару жүйесін жетілдіру нәтижесінде Қазақстанда металл қалдықтарын қайталама ресурстар түрінде пайдалануды 95 пайызға жеткізу мүмкіндігі бары анықталды.

Әдебиеттер:

1. Бухгалтер Э.Б. Обращение с отходами как важнейшее направление устойчивого развития в странах Европейского Союза // Экология производства.–2004.–№10. – С.45–57.
2. Lyko H. Trenanlagen zur fortgeschrittenen Abfallablagerungs – Verordnung gerustet // F.Und S: Filter and Separ. – 2004.–Vol.18.–№2.–С.76–80.
3. Об опыте Германии в образовании с промышленными и бытовыми отходами // Труды I Междунар. семинара «Экология и устойчивое развитие»: сборник инф.–аналитич. Мат. – Дубна, 2004.–С.160–170.
4. Минкин Л.М., Юдин А.Г. Управление отходами в Нидерландах // Науч. и техн. аспекты охраны окружающей среды: обзор информ. –М.: ВИНИТИ, 2002. – №4. – С.24–77.
5. Вайсман Я.И. Управление отходами. Захоронение твердых бытовых отходов: учебное пособие. – Пермь, 2001. – С.133.
6. Масленников А.В. Управление твердыми бытовыми отходами за рубежом // Твердые бытовые отходы. – 2005.–№1. – С.11.
7. Примкулұлы К. Проблемы отходов производства и потребления // Экология и устойчивое развитие.–2004.– №4. –С. 6–8.
8. Переработка отходов производства и потребления: справочное издание / Под. ред. Бобовича Б.Б. – М.: Интермет инжиниринг, 2000.–С.496.
9. Ogaki Y., Yamada Y., Nomura M. Recycling Technology of JFE Group for recycle Onented Society // JFE Giho.–2004.–№6.–С.37–43.
10. Putz H.J. Final fate of residues from the German recovered paper processing industry [Текст] / H.J. Putz., U. Hamm., S. Schabel // Research Forum on Recycling, Quebec City, Sept. 27–29. 2004. –PARTAC.–2004. –C.239–244.
11. Brook D. Waste management in USA // Amer.J. Of economics a sociology.–1998.–Vol. 57, №1.–С. 105–113.
12. Stanners D., Bourdeau P. Waste production and management. European Environment Agency // The Dobris Assaesment. Copenhagen. –1995. – С. 576–583.
13. Переработка пластмассовых отходов в кассовых печах // Новости черной металлургии за рубежом. – 2003. –№2.–С. 31–32.
14. Resources Policy, 1998, N9, pp.181–189, Requirement for fullfillihg a national materials policy, ed. by F.P.Haddle, P.8.
15. Есиркепова А.М. Қайтаталам ресурстарды басқару: теориясы мен әдіснамасы. – Шымкент, 2010. – 296 б.
16. The Japan Economic Journal, July, 24, P. 21; Iron & Steel Engineer, 1998, N 9, P. 99.
17. Бобович Б.Б., Девяткин В.В. Переработка отходов производства и потребления. – М.: Интермет инжиниринг, 2000. – 496 с.